



Қаралды:   
Хаттама № 1  
« 31 » 08 2023ж  
Бірлестік жетекшісі : Ж.Б.Утешова

Келісемін:   
Оқу ісінің меңгерушісі : М. Татранова  
« 1 » 09 2023ж

Бнекітемін :  
Мектеп директоры  Кулсарина М.К.  
« 01 » 09 2023ж

## ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Мектепалды сыныбының мұғалімі : З.Н. Абдулина

2023-2024 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Түсінік хат**

**2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:**

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі Стандарт) ;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелді) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары) ;
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі –Үлгілік оқу бағдарламасы) ;
- 4) Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру ұсынылады .

**Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:**

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;

- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жаңсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер берілді.

- 1.«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі
- 2.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері аптасына екі сағаттан білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі
- 3.Сауат ашу негіздері аптасына үш сағат өткізіледі.
- 4.Математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат өткізіледі
- 5.Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі сағат өткізіледі.
- 6.Сурет салу, мүсіндеу, жаңсыру, құрастыру аптасына бір сағат жүргізіледі,
- 7.«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепалды даярлық сыныптарында аптасына екі рет білім беру ұйымының сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру; қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргішпен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.
	<b>Сөйлеуді дамыту.</b>	<b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз <b>б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л</b> дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну. (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.
	<b>Сауат ашу негіздері</b>	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
	<b>Қазақ тілі</b>	Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме құрап айту; мектепке не үшін баратынын әңгімелеп айтып беру; мамандық иелерін құрметтей білуге баулу; өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету; сұрақтарға толық жауап бере білуге дағдыландыру арқылы ауыз екі сөйлеулерін дамыту. Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту; күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелеу, көкөністер туралы жұмбақтар шешу, ойлау қабілеттерін арттыру.
	<b>Математика</b>	<b>Жиын.</b> Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі

		<p>арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>«Бір» сөзінің мағынасы ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p>
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру; жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру.</b></p> <p>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпіркосақ, боран және т.б.) кеңейту. Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.</p>
	<b>Құрастыру</b>	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрлыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p>
	<b>Сурет салу</b>	<p>Заттардың ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттадың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.</p>
	<b>Мүсіндеу</b>	<p>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу</p>
	<b>Жапсыру</b>	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.</p>
	<b>Музыка</b>	<p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер.</b></p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p>



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. <b>Секіру:</b> бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3м), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр). <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
	<b>Сауат ашу</b>	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Игерген сөздерін қолданып, сөйлем құру дағдыларындамыту. Көгөністер. Көгөністердің қазақша аталуын үйрету. Жаңылтпаштар жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Тілге қызығушылықтарын арттыру, жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>

	<p>Жемістер. Балаларды жемістердің қазақша аталуымен таныстыру. Жемістерді қазақ тілінде атай білуге, шағын өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Менің отбасым. Отбасы мүшелерін қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p>
<b>Математика</b>	<p><b>Сан және санау.</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. <b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</b> Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. <b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну. <b>Еңбекке баулу.</b> Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Қағаздан құрастыру.</b> Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (такия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрлысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)</p>



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>            Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Алға еңкейіп алақанын еденге тигізу.            Спорттық жаттығулар.            Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен спортпен айналысуға баулу.            Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b>            Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.            Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту.</b>	<p><b>Сөздік қор.</b>            Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.            Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.            Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p>
	<b>Сауат ашу</b>	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.            Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.            Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>            Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.</p>



	<b>Мүсіндеу</b>	<b>Заттық мүсіндеу.</b> Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
	<b>Жапсыру</b>	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.
	<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. <b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. <b>Билер.</b> Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балаларға «Қаражорға» биін билету.

	<p>Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді. Ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады. Қазақ тіліне тән <b>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ</b> дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратады.</p>
<b>Математика</b>	<p><b>Сан және санау.</b> 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p>
<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. <b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</b> Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. <b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. <b>Еңбекке баулу.</b> Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Өзі мен құрдастарының еңбегінің шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар ойыншықта адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Қағаздан құрастыру.</b> Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.</p>



		Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңешке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.
	<b>Жапсыру</b>	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.
	<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қортынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту.</b> Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын, қолдана отырып музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
желтоқсан	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар.</b>  <b>Жүру:</b> сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы кырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру.  <b>Жүгіру:</b> шашырап, жұппен, қатармен қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.  <b>Еңбектеу:</b> өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу.  <b>Секіру:</b> бір орнында тұрып алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіру.  <b>Лақтыру, қағып алу, домалату:</b> допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату; допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.  <b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</b> сапқа бір, екі, үш қатармен тұру.  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <b>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:</b> қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу.  <b>Кеудеге арналған жаттығулар:</b> допты жоғарыдан «алға және артқа) бір-біріне беру; қолды алға көтеріп оңға солға бұрылу.  <b>Аяққа арналған жаттығулар:</b> аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып жартылай отырып тұру (2-3 рет).  <b>Спорттық жаттығулар:</b> дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен, спортпен айналысуға баулу.  <b>Спорттық ойындар.</b>  <b>Баскетбол элементтері:</b> кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру.  <b>Футбол элементтері:</b> берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.  <b>Қимылды ойындар:</b> ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.  Дербес қимыл белсенділігі: балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.  <b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b>  <b>Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері:</b> дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.  <b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b>  Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу,</p>



	қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын.</b> Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні) құру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p><b>Сан және санау.</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау.</p> <p><b>Шама.</b> Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікке орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Заттардың ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу.</p> <p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p> <p>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру.</p> <p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Сазбалшық, ермексазбен мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.</p> <p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Сюжеттік композициялар жасау оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.</p> <p>Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу.</p> <p>Табиғи (қағаз, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p>

Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер.</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>
--------	---

Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттерімен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекеттеріне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемегуге, өзінің педагогтерін, ұлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.</p> <p><b>Жол қозғалыс ережелері.</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, гироскутерге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p>
----------------------------	--



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар.</b>  <b>Жүру:</b> белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру.  <b>Жүгіру:</b> бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу:</b> допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр).  <b>Секіру:</b> екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.  <b>Лақтыру, қағып алу, домалату:</b> допты жоғары жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу.  <b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</b> сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп бір және екі, үш қатармен қайта тұру.  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <b>Қол және нық белдеулеріне арналған жаттығулар:</b> Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары артқа көтеру.  <b>Кеудеге арналған жаттығулар:</b> гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру.  <b>Аяққа арналған жаттығулар:</b> аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып жартылай отырып тұру. (2-3 рет) қолды тізеге қойып отырып тұру, аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.  <b>Спорттық жаттығулар.</b>  Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен, спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.  Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.  <b>Спорттық ойындар.</b>  Хоккей элементтері. Берілген бағытқа қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.  <b>Қимылды ойындар.</b>  Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимыды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.  <b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b>  Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.</p>

	<p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b>  Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.  <b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.  <b>Сөздік қор.</b>  Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастру.  <b>Шығармашылықпен сөйлеу.</b>  Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл-күйімен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі, дербес орындау.</p>
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>  Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p>



	<p>Туыстық қарым-қатынасты (бауыр, немере, шөбере, ағайын, туысқан, жеті ата) білдіретін сөздерді үйрету. өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын.</b> Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.</p> <p><b>Сан және санау.</b> Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p> <p><b>Шама.</b> Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға және артқа.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Тәулік бөліктерінің ауысуын (кеше, бүгін, ертен), оқиғалардың ретін (алдымен-содан кейін, бұрын-кейінірек) анықтау.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксграфия жіппен) қолдану. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңешке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай қиғашынан жүргізу.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, кимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Сюжеттік композициялар жасау оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p>
<b>Құрастыру</b>	<b>Құрастыру.</b>

		<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құратыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p>
	<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. <b>Ән айту.</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. <b>Билер.</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. <b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. <b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні, ұлттық мереке, Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Токтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.</p>



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен, спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. <b>Шанамен сырғанау.</b> Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. <b>Сырғанау.</b> Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, оларды жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуі. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөйлемердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p>

		<p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын ипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b> Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.</p>
	<b>Көркем әдебиет.</b>	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
	<b>Сауат ашу негіздері.</b>	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Қолды жазуға дайындау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.
	<b>Қазақ тілі.</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібі туралы суреттер, фоталар, альбомдармен жабдықталған ортаны құру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерімен толықтыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу.</p>
	<b>Математика</b>	<p><b>Жиын.</b> Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p><b>Сан және санау.</b> 10 көлеміндегі сандарды салыстыру. Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны</p>



		<p>көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p><b>Шама.</b> Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Геометриялық денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуін бекіту.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p>
	<b>Сурет салу</b>	Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, камзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.
	<b>Мүсіндеу.</b>	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі, торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен) аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен, қосымша заттармен безендіру. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.
	<b>Жапсыру.</b>	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) таныстыру. Аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.
	<b>Құрастыру.</b>	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру. Оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрлысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.
	<b>Музыка.</b>	<b>Музыка тыңдау.</b> Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. <b>Ән айту.</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

		<p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер.</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>
	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b></p>	<p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Қазақстан Республикасының бас қаласы-Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің, оның құрлысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрметпен қарау.</p>



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Наурыз</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен, спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b> Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен, допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолымен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, оларды жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру. «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p>

	<p>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере білуге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу.</b> Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру.</p>
<b>Көркем әдебиет.</b>	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық, анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p>Қолды жазуға дайындау. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары туралы суреттер, фоталар, альбомдармен жабдықталған ортаны құру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қазақ халқының азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерімен толықтыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>



<b>Математика</b>		<p><b>Жиын.</b> «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p><b>Сан және санау.</b> Заттардың саны, олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p> <p><b>Шама.</b> Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуді үйрету.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға артқа.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>
<b>Сурет салу</b>		<p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>
<b>Мүсіндеу</b>		<p>Қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау) аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен, қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p>
<b>Жапсыру</b>		<p>Киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру. Аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
<b>Құрастыру</b>		<p><b>Табиғи қалдық материалдардан құрастыру.</b> Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру. Олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
<b>Музыка</b>		<p><b>Музыка тыңдау.</b> Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайбайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.</p>

		<p><b>Ән айту.</b> Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер.</b> Қазақ халқының би өңірімен таныстыру. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру. Балаларға «Қаражорға» биін билету.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>
	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Табиғатпен таныстыру.</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру: (су, ау, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Туған өлкенің өсімдіктері: (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту. «Орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу. Құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p>



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен, спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b> Бадминтон. Воланды ракетамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар органы құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, оларды жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа, су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру. «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және</p>

	жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. <b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b> Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.
<b>Көркем әдебиет.</b>	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
<b>Сауат ашу негіздері</b>	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық, анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру. Қолды жазуға дайындау. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.
<b>Қазақ тілі</b>	<b>Тілдік дамытушы орта.</b> Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары туралы суреттер, фоталар, альбомдармен жабдықталған ортаны құру. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. <b>Сөздік қор.</b> Туыстық қарым-қатынасты (бауыр, немере, шөбере, ағайын, туысқан, жеті ата) білдіретін сөздерді үйрету. өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.



<b>Математика</b>		<p><b>Жиын.</b> Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру. Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.</p> <p><b>Сан және санау.</b> Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p><b>Шама.</b> Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру. 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>
<b>Сурет салу</b>		<p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері (түйетабан, құсқанаты, құстұмсық, жапырақ, жауқазын, жетігүл, жұлдызгүл) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып көлемді пішіндерді бояу, парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.</p>
<b>Мүсіндеу</b>		<p>Туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p>
<b>Жапсыру</b>		<p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен гигиена ережелерін сақтау.</p>
<b>Құрастыру</b>		<p><b>Табиғи қалдық материалдардан құрастыру.</b> Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
<b>Музыка</b>		<p><b>Музыка.</b> Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен</p>

		<p>таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b> Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілеттерін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапозонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер.</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>		<p><b>Табиғатпен таныстыру.</b> Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттармен құбылыстардың өзіне тән сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b></p>



	<p>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны: көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p>
--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен, спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b> Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу..</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, оларды жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа, су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p>

Сөйлеуді дамыту		<p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдан дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдану. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Ойыншықтарды заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b></p> <p>Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.</p>
Көркем әдебиет.		<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.</p>
Сауат ашу негіздері		<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.</p> <p>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай, бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p> <p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p>
Қазақ тілі		<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттау, жұмбақтар шешкізу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p>



		<p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.</p>
	<b>Математика</b>	<p><b>Уақытты бағдарлау.</b></p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>
	<b>Сурет салу</b>	<p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p>
	<b>Мүсіндеу</b>	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойыша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.</p> <p>Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
	<b>Жапсыру</b>	<p>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p>Қайшымен мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
	<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрастыру.</b></p> <p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп шығармашылықпен құрастыруға баулу. құрастырған құрлысы мен құрлыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану.</p>
	<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка.</b></p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p>

		<p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.</p> <p><b>Ән айту.</b>          Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>          Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><b>Билер.</b>          Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b>          Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b>          Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.          Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p>Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.</p> <p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс», немесе «дұрыс емес», «жақсы», «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p> <p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу, өз өмірінің қауіпсіздігін ақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p>